

الغنية Ғайбат



mahadsunna.com



sarhaan.com

Ғайбат

Кімде-кім айтқан сөздерін мұқият бақылап, тілін пайдасыз сөздерден сақтаса, сол сирек қателеседі. Оның қауіп-қатерлер мен күнәлардан аулақ болуға деген мүмкіндігі де көбірек болады. Сондықтан да Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегені де кездейсоқ емес:

مَنْ يَضْمَنْ لِي مَا بَيْنَ حَيِّهِ وَمَا بَيْنَ رَجُلَيْهِ أَضْمَنْ لَهُ الْجَنَّةَ

«Кім маған екі иегі мен екі аяғының арасындағысына кепілдік берсе, мен соған оның Жәннатқа кіруіне кепілдік беремін»

(хадисті әл-Бухари жеткізген, 6474).

Яғни тілін және жыныс мүшелерін күнәдан сақтаған адамға Жәннат бақтарына кіруге кепілдік берілді. Әрбір кәмілетке толған және парасатты адам пайдалы сөздерден басқа кез келген сөздерден аулақ болуы керек. Егер әлдебір сөздердің пайда мен зиян келтіру ықтималы бірдей болса, онда сіз оларды айтуда тек жақсылықтан басқа ешнәрсе болмайтынына сенімді болмасаңыз, онда оларды айтудан бас тартуыңыз керек, өйткені өте жиі жағдайда, тіпті қарапайым және шын мәнісінде тыйым салынбаған сөздер де адамды шарифатпен тыйым салынған (харам) немесе құпталмайтын (мәкруһ) нәрселерге жетелеп жатады. Ендеше өзіңізді қажетсіз қауіптерден және қажетсіз қатерлерден сақтағаныңыз жөн.

Тіл – басқа мүшелердің барлығының хәлі соған тәуелді әрі байланысты болған маңызды мүше. Егер адамның тілі салиқалы, тақуа болса, оның қалған денесі де салиқалы әрі тақуа болады. Егер тіл күнә жасап, жағымсыз, Аллаһқа ұнамсыз сөздерді айтса, басқа мүшелердің барлығы күнә жасап, Аллаһ Тағала бекіткен шекараларды бұзып өтеді. Сондықтан да хадисте айтылғандай, адамның барлық мүшелері күн сайын таңертен тілге кішіпейілділікпен жүгініп: ***«Біз үшін Аллаһтан қорық, өйткені біз бәріміз саған тәуелдіміз. Егер сен туралықты ұстансаң, біз де тура боламыз, сен қисық болсаң, біз де қисық боламыз», - деп айтады»***.

Сөйлеу қабілеті – бұл Аллаһ Тағаланың адамға берген ұлы нығметі. Тіл, адамның сөйлеу мүшесі (құралы) – Жаратушымыздың ең тамаша әрі таңғажайып жаратылыстарының бірі. Тілдің көлемі шағын, бірақ оның өте кең мүмкіндіктері бар: ол ұлы жақсылық әкеле алады және көптеген қорқынышты қиыншылықтарды да жасай алады, ол иесін салиқалыққа және Аллаһтың разылығына жетелей алады немесе оны қылмысқа батырып, оны Жаратушының

ашуы мен жазасына әкеле алады. Тілден басқа ешқандай мүше өз иесінің Исламға және иманға кіргенін және тілден басқа ешбір мүше оның күпірлігін жариялай алмайды. Егер адам «Тіл» деп аталатын жүйрік атты ұстайтын тізгінін босатып, оған еркіндік берсе, бұл ат шайтанның соңынан ілесе жүгіріп, оны тұңғыыққа, опат болуға алып барады. Ал егер ол осы атына «Аллаһ Тағаланың өсиеттері» деп аталатын мүбәрәк тізгінін кигізіп, оны осы дүние мен мәңгілік дүниенің игілігі бар жерлерге ғана бағыттайтын шабандоз болса ғана екі дүниеде опат болудан аман қалып, құтыла алады.

Біздің көбіміздің Аллаһ Тағаланың мына сөздерін ұмытқаны неткен өкінішті:

إِذْ يَتَلَقَّى الْمُتَلَقِّيَانِ عَنِ الْيَمِينِ وَعَنِ الشِّمَالِ قَعِيدٌ
مَا يَلْفِظُ مِنْ قَوْلٍ إِلَّا لَدَيْهِ رَقِيبٌ عَتِيدٌ

«Оның оңынан да, солынан да екі байқаушы (періште) отырады. Аузынан бір сөз шығарса-ақ болды, алдында аңдушы дайын»

(«әл-Кahф» сүресі, 17-18 – аяттар).

Сіздің барлық жақсы немесе жаман сөздеріңіз міндетті түрде Аллаһ Тағаланың бұйрығымен періштелер тарапынан амал дәптеріңізге жазылып, Қиямет әрі Есеп күні өзіңізге беріледі.

Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына қысқа, бірақ ұлы өсиетіне көбіміз құлақ аспайтынымыз қандай өкінішті:

مَنْ كَانَ يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ فَلْيُكَلِّمْ خَيْرًا أَوْ لِيَصْمُتْ

«Кімде-кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, не жақсы сөз айтсын, не үндемесін»

(хадисті әл-Бухари, 6018 және Муслим, 47, 48 келтірген).

Адамдардың мына хадисті естеріне алмайтындығы да өкінішті:

إِنَّ الْعَبْدَ لَيَتَكَلَّمُ بِالْكَلِمَةِ مَا يَنْبَغِي فِيهَا يَرْثُ بِهَا إِلَى النَّارِ أَوْ يَرْثُ بِهَا بَيْنَ الْمَشْرِقِ وَالْمَغْرِبِ

«Кейде Аллаһтың құлы айқындап ойланбай, Тозаққа шығыс пен батыс бір-бірінен алыс болғандай тереңдікке тайдырып түсіретін сөздерді айтады»

(хадисті әл-Бухари, 6477 және Муслим, 2988 келтірген).

Басқа хадисте былай деп айтылған:

وَإِنَّ الرَّجُلَ لَيَتَكَلَّمُ بِالْكَلِمَةِ مِنْ سَخَطِ اللَّهِ, مَا كَانَ يَظُنُّ أَنْ تَبْلُغَ مَا بَلَغَتْ, يَكْتُئِبُ اللَّهُ لَهُ بِهَا سَخَطَهُ

إِلَى يَوْمِ يَلْقَاهُ

«Расында, адам Аллаһтың ашуын келтіретін бір сөз айтып, әрі өзінің [осы сөзі] қанишалықты Аллаһтың ашуын келтіретіні туралы ойламауы да мүмкін. Ал Аллаһ оған осы сөзінің себебінен онымен кездесетін күнге дейін ашулы болады»
(хадисті әт-Тирмизи, 2319; Ибн Мәжаһ, 3969; Мәлик «әл-Муаттада», 2818 жеткізген; әл-Әлбани оны «Әс-силсила әс-сахиха» еңбегінде сенімді деп атаған, 888).

Бірде Ғуқба ибн Ғамир атты сахаба Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Уа Аллаһтың Елшісі! Қалай құтылуға болады?», - деп жүгінді. Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған:

اَمْلِكْ عَلَيْكَ لِسَانَكَ، وَلْيَسَعَكَ بَيْتُكَ، وَابْكِ عَلَى خَطِيئَتِكَ

«Тіліңді тый, саған үйің жеткілікті болсын және күнәларың үшін жыла», - деп жауап берді.

(хадисті әт-Тирмизи, 2406 жеткізді; әл-Әлбани оны «Әс-силсила әс-сахиха» еңбегінде сенімді деп атаған, 890).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Муғаз атты сахабаның одан: «Қалай Жәннатқа кіріп, Тозақтан құтылам?» - деген сұрағына қалай жауап берді деп ойлайсыз? Ол оған тіліне нұсқап: *«Мынаны тый!»*, - деді. Муғаз аң-таң қалып: «Уа Аллаһтың пайғамбары! Біз айтқан сөздеріміз үшін де жауапқа тартыламыз ба?», - деп сұрады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

ثَكَلْتَكُ أَثْمُكَ، وَهَلْ يَكُفُّ النَّاسَ فِي النَّارِ عَلَى وُجُوهِهِمْ - أَوْ قَالَ عَلَى مَنَاخِرِهِمْ - إِلَّا حَصَائِدُ أَلْسِنَتِهِمْ

«Анаң сені жоғалтсын! Адамдарды өз тілдерінің жемісінен басқа не нәрсе танауларымен Тозақ отына батырады?!», - деп жауап берді.

(хадисті әт-Тирмизи жеткізді, 2616; әл-Әлбани оны «Сахих әт-Тирмизиде» сенімді деп атаған).

Тілдің ең ауыр күнәларының бірі – адамдар жайлы ғайбат айту. Біздің бүгінгі тақырыбыз да міне, осы, адамдар соның себебінен жасаған жақсылықтарынын айырылып, басқалардың күнәсін өз мойындарына алатын, әсіресе телефон байланысы қол жетімді болған және адамдар бос қол жүретін осы заманда кеңінен таралған осы күнәға арналады.

Аллаһ Тағала бізге, яғни Аллаһқа және Қиямет күніне иман келтіреміз дейтіндерге үндеу жасап, былай деген:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اجْتَنِبُوا كَثِيرًا مِّنَ الظَّنِّ إِنَّ بَعْضَ الظَّنِّ إِثْمٌ وَلَا تَجَسَّسُوا وَلَا يَغْتَبَ بَعْضُكُم بَعْضًا أَيُحِبُّ

أَحَدُكُمْ أَنْ يَأْكُلَ لَحْمَ أَخِيهِ مَيْتًا فَكَرِهْتُمُوهُ وَاتَّقُوا اللَّهَ إِنَّ اللَّهَ تَوَّابٌ رَّحِيمٌ (۱۲)

«Әй мұминдер! Күмәннің көбінен сақтаныңдар. Өйткені, күмәннің кейбірі күнә. Сыр тексермеңдер, біреуді-біреу ғайбаттамасын. Біреулерің өлген

**туысының етін жеуді жақсы көре ме? Әрине, оны жек көресіңдер. Расында,
Аллаһ тәубені тым қабыл етуші, ерекше Мейірімді!»**

(«әл-Хужурат» сүресі, 12-аят).

Аллаһ Тағала адамның өзге біреу немесе өз мұсылман бауыры жайлы ғайбат айтуды оның мәйітінің етін жеумен салыстырды. Неліктен? Өйткені, біріншіден, бұл өте жиіркенішті. Адамның сау табиғаты мұны жоққа шығарады және тіпті адам етін жеу туралы ойдың өзінен жиіркенеді. Екіншіден, мәйіт, егер біреу оның денесінен бір кесек етті кесіп жеймін деп шешсе де, өзін одан қорғай алмайды. Дәл сол сияқты, өзі жоқта жаман сөзбен тілге аланған адам да бұдан өзін қорғай алмайды, өйткені ол өзінің ар-намысына қарсы жасырын жасалған әрекет туралы бейхабар болады.

Бірде Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары қай мұсылман ең жақсы екендігі жайлы сұрағанда оның қалай жауап бергенін білесіңдер ме? Ол:

مَنْ سَلِمَ الْمُسْلِمُونَ مِنْ لِسَانِهِ وَيَدِهِ

«Өзге мұсылмандар оның тілі мен қолдарынан зиян көрмейтін адам», - деп жауап берді.

(хадисті әл-Бухари жеткізген, 10, 11).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дүниеден озар алдында жасаған қоштасу қажылығында осы қажылық туралы естіп соған жиналған ондаған мың мұминдерге жүгініп, былай деген екен:

إِنَّ دِمَاءَكُمْ وَأَمْوَالَكُمْ وَأَعْرَاضَكُمْ عَلَيْكُمْ حَرَامٌ, كَحُرْمَةِ يَوْمِكُمْ هَذَا, فِي شَهْرِكُمْ هَذَا, فِي بَلَدِكُمْ هَذَا, أَلَا

هَلْ بَلَغْتُ؟

«Расында, сендердің өмірлерің, мал-мүліктерің мен ар-намыстарың басқаларыңа үшін, міне осы (қасиетті) қаладағы, осы (қасиетті) айдағы, осы күн қандай қол сұғылмас қасиетті болса, дәл сондай қол сұғылмас қасиетті!

Мен сендерге жеткіздім бе?»

(хадисті әл-Бухари, 67, 105, 1741, 7078 және Муслим, 147 жеткізген).

Расында, мұминдер жайлы ғайбат айтқан адамды бұл дүниеде де, өлгеннен кейін де ауыр азап күтіп тұр. Бірде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға мына сөздермен жүгінген:

يَا مَعْشَرَ مَنْ آمَنَ بِلِسَانِهِ وَلَمْ يَدْخُلِ الْإِيمَانُ قُلُوبَهُ: لَا تَغْتَابُوا الْمُسْلِمِينَ وَلَا تَتَّبِعُوا عَوْرَاتِهِمْ، فَإِنَّ مَنْ اتَّبَعَ عَوْرَاتِهِمْ يَتَّبِعِ اللَّهُ عَوْرَتَهُ، وَمَنْ يَتَّبِعِ اللَّهُ عَوْرَتَهُ يَفْضَحْهُ فِي بَيْتِهِ

«Әй тілімен иман келтіріп, бірақ жүректеріне иман кірмегендер!

Мұсылмандарды ғайбаттап жамандамандар және олардың кемшіліктерін жария қылмаңдар! Кімде-кім бауырының кемшілігін ашса, Аллаһ оның кемшілігін ашады, ал Аллаһ кімнің кемшілігін ашса, Ол оны тіпті өзінің үйінде де масқара етеді!»

(хадисті Абу Дауд, 4880; Абу Яғлә, 1675 жеткізген; әл-Әлбани оны сенімде деп атаған).

Яғни кімде-кім бауырының ар-намысына құқықсыз қол сұғып, ол жайлы ғайбат айтып, оның қателіктері мен осалдықтарын жасырудың орнына, оны адамдарға жария етсе, оны ұят күтіп тұр, оның өзінің кемістіктері басқаларға мәлім болады.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Жәбир ибн АбдуЛлаһ атты сахабасы, бірде өзінің және басқа да сахабалардың Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге болған кезінде, кенеттен қатты жел соққаны туралы баяндаған. Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Бұл иістің не екеннін білесіңдер ме? Бұл мүмидер жайлы ғайбат айтатындардың иісі!»**, - деп жауап берді.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көктерге көтерілген Миғраж түні қолдарында темір тырнақтары бар адамдардың қасынан өткенін және сол адамдар әлгі ұшты тырнақтарымен өз беттері мен кеуделерін жыртып, тырнап жатқандарын хабарлаған. Ол Жәбірейіл періштеден бұл адамдардың кім екендігі жайында сұрағанда, Жәбірейіл: **«Бұл адамдардың етін жеп, олардың ар-намысына нұқсан келтіретіндер»**, - деп жауап берді.

Неткен қорқынышты жаза! Біз осыдан алдыңғы кездесулерімізде бұл дүниедеге материалдық емес көптеген нәрселердің Мәңгілік Ақырет дүниесінде материалдық кейіп алатыны жайлы бірнеше рет сөз қозғаған болатынбыз. Адамдар жайлы ғайбат айтқан адамдар, бұл амалымен олардың ар-намыстарына қол сұғады, олардың адамгершілік қасиеттеріне нұқсан келтіреді. Олар бұл істері үшін Қиямет күні өздерінің беттерін темір тырнақтарымен жыртып, осының есесін қайтаратын болады.

Ғайбатқа қатаң түрде тыйым салынғандығына Ислам ғалымдарының ешқайсысы күмән келтірмейді. Оның үстіне, бұны имам әл-Қуртууби атап

өткендей, барлық мұсылман ғалымдары бірауыздан ғайбатты жәй ғана күнә емес, үлкен күнә (кәбира) деп санайды.

Бұл нені білдіреді? Мұны істейтіндер өздерін Тозақ отына тасталу қауіпіне салады.

Бұл тағы нені білдіреді? Өздеріңіз білетіндей, бес уақыт намаз, егер адам үлкен күнәлардан аулақ болса, олардың арасында жасалған кіші күнәларды өшіреді. Сондықтан, мысалы, егер сіз таң намазын оқысаңыз, кейін таң мен бесін намазы арасындағы бір шыны шәй үстінде отырып, жаныңызда жоқ біреуді өсек-ғайбат қылсаңыз, онда намаздарыңыздың бұл күнәларыңызды өшерітіндігіне үміттенбеңіз.

Ғайбат деген не және ол нені қамтиды?

Ғайбат (арабша: әл-ғыйба) – сіздің бір адам жайлы ол жоқ кезде, ол осыны білсе ұнатпайтын нәрсені айтуыңыз. Бұл оның физикалық кемшіліктеріне немесе адамгершілік сипаттарына байланысты кемшіліктеріне сілтеме болуы мүмкін, немесе оның шығу тегін, діндарлығын, сөзін немесе іс-әрекетін, тіпті киімін, үйі мен көлігін ұнамсыз сөздермен тілге алу болуы мүмкін.

Адамның сырт келбетін жамандау, мысалы, қыли, таз, бойы мыртық, немесе сорай-ұзын, семіз, өте арық деп айту, оның терісінің түсін келекету, жалпы ол үшін кез келген теріс, жағымсыз баға беру.

Адамның шығу тегі жайлы ғайбаттың мысалдары: адамның әкесі немесе анасы жайлы жағымсыз сөздер айту немесе оның ата-бабасы мен тегіне кез келген жағымсыз, кемсітетін баға беру. Мысалы, біреуді маскүнемнің, не залымның, не бейшараның баласы деп атау, немесе оны тексіз, қайыршының немесе қоқысшының баласы деп кемсітіп айту.

Адамның моральдық қасиетін ғайбаттауға, мысалы, оның мінез-құлқы нашар, сараң, тәкаппар, өркөкірек, жүйкесі жұқа, қорқақ, жалқау, ынтасыз, салғырт, салақ, әңгімешіл, жаман тәрбиелі немесе басқа да сөздерді айту жатады.

Адамның діндарлығы туралы ғайбаттың мысалы - басқа адам жайлы: «Ол ұры», немесе: «Ол өтірікші», «Ол арақ ішеді», немесе: «Ол намазға немқұрайлы қарайды», немесе: «Ол залым», «Ол әділетсіз», немесе: «Ол зекетті дұрыс бермейді», «Ол намазда рукуғ пен сәждені дұрыс жасамайды», «Ол ластықтар мен нәжістен сақ болмайды», немесе: «Ол ата-анасына құрметсіз қарайды», «Ол ораза ұстағанда, жаман сөздер мен өсектерді қалдырмайды», немесе: «Ол өзінің

құқықтарын сақтауды талап етеді, алайда өзі адамдардың құқықтарын сақтамайды», немесе: «Ол көп ұйықтайды және тамақ жейді» деп айтуы.

Біреудің киген киіміне, үйіне байланысты ғайбаттың мысалдарына «ол талғамсыз» немесе «ұқыпсыз киінеді» деу немесе үйінде тәртіп пен тазалық жоқ деп айту.

Кейбір адамдар ғайбат деген бұл біреу жайлы өтірік айту деп ойлайды, сіз оларға: «Адамдар жайлы ғайбат айтпа», - десеңіз, ол: «Бірақ мен шындықты айтып жатырмын!», - деп қарсылық білдіреді.

Олардың қателегін түсіну үшін келесі хадисті тыңдаңыз. Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға: *«Сендер ғайбаттың не екенін білесіңдер ме?»*, - деп сұрақ қойды. Олар: «Аллаһ және Оның Елшісі жақсырақ біледі», - деп жауап берді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

ذِكْرُكَ أَخَاكَ بِمَا يَكْرَهُ

«Ғайбат деген – бауырың жайлы оған ұнамайтын нәрсені айту», - деп жауап берді. Сонда жиналғандардың бірі: «Менің ол жайлы айтқаным шындық болса ше?», - деп сұрады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

إِنْ كَانَ فِيهِ مَا تَقُولُ فَقَدْ اغْتَابْتَهُ وَإِنْ لَمْ يَكُنْ فِيهِ فَقَدْ بَهَتَّهُ

«Егер сенің айтқаның оның бойында шынымен де болса, онда бұл ғайбат, ал егер сен айтып тұрған нәрсе оның бойында болмаса - онда бұл жала жабу болады»

(хадисті Муслим, 2589 жеткізді).

Ғайбат сөзбен ғана шектелмейді. Оған Аллаһ Тағала тыйым салған, өйткені онда адамның қадір-қасиетіне нұқсан келтіру, оның кемшіліктері мен айыбын жариялау, оны өзге адамдарға ол үшін жағымсыз кейіпте көрсетуді қалау бар. Сондықтан оның не арқылы болғаны: яғни кісі туралы тікелей сөзбен мәлімдеу ме, немесе тұспалдау түрінде ме, ым-ишара түрінде ме, ауызша немесе жазбаша ма - бұл маңызды емес, адамның артынан оның беделін түсіруді мақсат ететін барлық нәрсе ғайбат ұғымына кіреді.

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әйелі Айша анамыз бізге не дегенін қараңыздаршы.

Ол былай деп хабарлаған: *«Бір күні біздің үйге бір әйел келді. Ол кеткен соң мен оның бойы аласа екенін қолымен ымдап көрсеттім. Мұны көрген Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) маған:*

قَدْ اَعْتَبْتِهَا

«Сен оны ғайбаттадың!», - деді.

(хадисті Ахмад, 25049 жеткізген; Шугайб әл-Арнаут оны сенімді деп атаған).

Ғайбаттың ең жиіркенішті түрлерінің бірі – адамды бейнелеп сықақтау, өйткені ол көбірек мәнерлі болады. Мысалы, оның жүрісін, ақсақтығын, кекештенетінін немесе оған тән басқа да нәрселерді кекету. Сондықтан бірде Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) бір адамның бейнесін көрсеткісі келгенде, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған:

مَا أَحَبُّ إِلَيَّ حَكِيثُ إِنْسَانًا، وَأَنْ لِّي كَذَا وَكَذَا

«Маған мына немесе мына нәрсені берсе де, ешбір адамды бейнелегім келмес еді», - деді.

(хадисті әт-Тирмизи, 2502 және Абу Дауд, 4875 жеткізген; әл-Әлбани оны сенімді деп атаған).

Адамды жазбаша түрде (хат, хабарламада) келеке қылу да ғайбаттың бір түрі, өйткені хат тілі сөйлеу тіліндей.

Жалпы, ғайбат бірнеше түр-кейіпте жасалуы мүмкін. Солардың ішіндегі ең жиіркеніштісі – өзінің құрамына екі ауыр күнәні қатар біріктіретіні бұл - ғайбат пен екіжүзділік, яғни өтірік тақуалық. Адамның ғайбат айтып қана қоймай, соған қоса көз боямашылықпен де айналысатын мұндай ғайбат түріне мысал ретінде адамның біреуді сөз етіп: «Бізді билеуші-басшылыларға ұнамды болу, дүние қуу секілді төмен амалдармен сынамаған Аллаһқа мақтаулар болсын», - деп айтуы. Немесе оның өзге кісі туралы: «Аллаһ бізді ұятсыздықтан сақтасын», - деп айтуы. Бұл жағдайда адамның мақсаты қасында жоқ бауырының беделін түсіру, бірақ ол адамдарға оның мақсаты Аллаһты мадақтау немесе Аллаһқа дұға ету екендігін көрсетеді.

Ғайбаттың мұндай түрінде ғайбатшы әлдебір адамды мақтағандай кейіп танытады, бірақ шын мәнісінде ол оны жамандайды. Мысалы: «Пәленше жақсы, ақылды кісі, ол бұрын Аллаһқа сондай жақсы құлшылық ететін, Құран оқитын, бірақ күтпеген жерден, өкінішке орай, бұрынғы құлшынысын жоғалтып алды. Оның басына да бәрімізге келіп тиген ауыртпалық болған шыдамсыздық, яғни сабырлықтың жетіспеушілігі түсті». Бұл сөздерді естігендер мұны айтқан адам шын жүректі, ізгілікке толы деп ойлайды, ал шын мәнінде оның мақсаты – жамандау мен қаралау. Оған қоса, ол өзін, өзінің кемшілігін айтып, өзін кінәлайтын сияқты, бірақ шын мәнінде ол жұрттың алдында өзін қарапайым, өзіне сыншыл, өзіне-өзі қатал, салиқалы адам ретінде көрсеткісі келіп, өзін мақтап

түр. Осылайша, ол бір мезетте үш жаман іс-әрекетті жасауда: ғайбаттау, көз бояушылық - рия әрі өзін мақтау.

Кейде адам біреу туралы: «Мен оның не болып жатқанына қатты қынжыламын, оның жеңіл жүріс-тұрысына қатты қайғырамын. Аллаһтан оны түзеп, тура жол көрсетуін сұраймын!», - деп айтады. Расында, ол бауырым үшін уайымдаймын деп өтірік айтады, оның дұғасы да – өтірік. Егер ол шынымен де уайымдап, дұға етсе, оны басқалардан жасырын жасар еді.

Жалпы, ғайбаттың көптеген көріністері бар. Ол әр алуан пішінде өсіп-өніп, адамның ажыратуына қиын, сан алуан бейнелер қабылдауға әрі тақуалық пен ізгіліктің шапанын киюге қабілетті. Осы себепті адам өте сақ, қырағы болуы керек, әркім бір адам туралы бірдеңе айтқысы келген сайын өзіне: «Мені не қозғап жатыр? Менің шынайы мақсаттарым қандай? Менің сөздерім ғайбаттың жасырын түрі емес пе? Шайтан мені тағы да діндегі бауырым мен әпкемнің етін жеу күнәсына итеріп жатыр ма?», - деген сұрақтарды қою қажет. Аллаһ Тағала біздің ашық істегенімізді де, жүрегімізде жасырған нәрселерді де Білуші екенін әрқашан есте сақтау қажет.

Ғайбатқа себепкер болатын нәрселер өте көп, бірақ біз оның жетеуін айтумен шектелеміз.

Бірінші және ең маңызды себеп – тақуалықтың жоқтығы, Аллаһ Тағаланың тыйымдарын бұзудан және Оның азабынан қорықпау. Жүрегі Аллаһты дәріптеп, Оны ұлықтайтын, Жаратушының ұдайы бақылауында екенін ұмытпайтын адам Оның ашуын келтіретін нәрсені істемеуге, айтпауға, жоспарламауға тырысады.

Адамдарды жала жабуға итермелейтін екінші себеп – белгілі біреуге қарсы жүректе жасырын ашудың болуы және осы ашуды сыртқа шығаруға ұмтылу. Оның жан дүниесінде бұл адамға қарсы ашу мен тітіркену пайда болған сайын, ол оны ғайбаттау арқылы оны өшіруге тырысады.

Ғайбаттың үшінші, өте кең таралған себебі – адамдарға ұнамды болуды қалау және олар ұнататын әңгімені жалғастыруға ниеттену. Бұл қалай болады? Адам өзімен бірге болған адамдардың біреуді өсек қылып, рахаттанып жатқанын көреді. Оларға сын айтып, «қызықты» әңгімесін үзсе, олар оның серіктестігінің ауыртпалығын көтеріп, одан аулақ болатынын түсінеді. Сондықтан да олардың осы күнәларына қолдау көрсетеді, соларға бейімделеді, осылайша ол адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатамын және олардың жақындығына ие болады деп сенеді.

Адамдарды ғайбатқа итермелейтін төртінші себеп – біреуді кемсіту арқылы өзгенің алдында өзін жоғарылатуға ұмтылу. Мысалы, адам біреу туралы: «Ол – надан, ол ештеңе түсінбейді», - деп өзінің артықшылығын атап көрсеткісі келеді.

Көптеген адамдарды ғайбатқа итермелейтін бесінші себеп – көреалмаушылық. Көре алмайтын, күншіл кісі адамдардың одан өзгені мақтап, оған сүйсініп, оны жақсы көріп, құрметтеп, оны тыңдайтынына шыдай алмайды, осы жиіркенішті сезім оны адамдардың әлгі мақтаулы кісіден көңілдері қалады деп үмітеніп, оны қаралай бастауға итермелейді.

Алтыншы себеп – адамдардың көңілін көтеруге ұмтылу. Адам басқаларды күлдіргісі келіп, біреу туралы жағымсыз сөздер айта бастайды немесе оны сықақтай бастайды. Кейбіреулер тіпті мұны өздерінің кәсібі мен ақша табу тәсіліне айналдырады. Ал бұл үлкен әрі жиіркенішті, оны істейтін де, тыңдап күлетін де өздерін Аллаһтың жазасына лайық ететін үлкен күнә.

Жетінші себеп – адамның өзінің сана-сезімін, болып жатқан барлық нәрседен хабардар екенін көрсетуге ұмтылуы.

Адамның артынан айтылған барлық жағымсыз сөздер харам бола ма, әлде бұдан тыс ететін ерекше жағдайлар бар ма?

Иә, бар. Егер біреудің артынан бірдеңе деу қандай да бір жақсы, дін рұқсат еткен мақсатқа жету үшін болса және осы мақсатқа жетудің басқа жолы болмаса, бұған рұқсат етіледі. Мұндай алты ерекшелік бар:

Бірінші ерекшелік: адам әлдебіреу тарапынан әділетсіз қысымға ұшыраған кезде. Бұл жағдайда ол билеушіге, қазыға немесе билік басындағы басқа адамға жүгініп, залым туралы шағымдануға рұқсат етіледі. Бұл тыйым салынған ғайбат болмайды.

Екінші ерекшелік: егер біреу күнә, айпты, құдайсыз іс істесе, оған ықпал етіп, оны бұл күнәдан тыя алатын біреуден көмек сұраудан басқа жолмен оны сақтай алмасаңыз, онда бұған рұқсат етіледі. Сіз бұл ықпалды адамға жүгініп: «Пәлен адам мынадай амалдар жасап жатыр, оған тосқауыл қойыңыз, онымен сөйлесіңіз», - деп айта аласыз. Өйткені сіздің мақсатыңыз – күнәны, айыпты амалды тоқтату. Ал егер сізді басқа мақсат жетелесе, онда бұл амалыңыз ғайбат болады.

Үшінші ерекшелік – сіз бен біреудің арасында туындаған белгілі бір мәселе бойынша пәтуа (яғни, діни үкім) алу қажет болған кез. Бұл жағдайда діни білімі бар және діни сұрақтарға жауап беруге құзырлы адамға жүгініп, мысалы: «Менің

бауырым немесе көкем маған қатысы мынай қарым-қатынас көрсетеді. Оның бұған құқығы бар ма? Мен олардың менің құқықтарымды құрметтеуіне қалай қол жеткізе аламын?» - деп айтуыңызға болады. Бұл ретте сұрақта нақты адамдарды айтпай, сұрақты жанама түрде қойған жөн әрі күнәдан алыс, мысалы: «Адамның өз туған бауырына немесе жиеніне қатысты былай жасағандығы жайлы не айтасыз?», - деп айтуға болады.

Төртінші ерекшелік – мүминдерді жамандықтан сақтандырып, оларға жақсы, ықыласты кеңес беру керек болған кезде. Бұған не кіреді? Сізге біреумен ортақ кәсіп бастағалы жатқан немесе қызын біреуге бергісі келген, немесе өзі үйлейнейін деп жатқан адам келіп, кеңес сұрады. Бұл жағдайда сіз кәсіппен айналасуға немесе араласуға шешім қабылаған адамның артықшылықтары мен кемшіліктері туралы айтуға міндеттісіз, бірақ сіз мұны шын ниетпен жасауыңыз керек және тек осыған байланысты кемшіліктерді айтуыңыз керек.

Бесінші ерекшелік – біреудің жария етуден ұялмай, ашық түрде күнә жасауы немесе өзінің кейбір бидғаттарды, яғни діндегі жаңалықтарды ұстанатынын адамдарға ашық айтуы. Мысалы, егер адам ашық түрде арақ-шарап ішсе әрі осынысын адамдардан мүлдем жасырмаса және ішетінін мақтан тұтса, мұны айту ғайбат болмайды, бірақ оның басқа жасырын жаман істері мен қасиеттерін қоса айту харам болып қалады.

Алтыншы және соңғы ерекшелік - бұл әлдебір адамның лақап атына айналған және адамдарға кім туралы айтып жатқанын түсіндіру басқаша жолмен мүмкін болмаған жағдайларда кейбір физикалық кемшіліктерді атап өту. Мысалы, егер сіз оның атына Саңырау деген лақап атын қоспайынша, адамдар Ахмадтың кім екенін түсіне алмаса. Бірақ ешбір жағдайда бұл лақап есімді адамның қадір-қасиетін қорлау және кемсіту мақсатында қолдануға болмайды. Сонымен қатар, егер сіз физикалық ақауға байланысты лақап атын айтпай-ақ жасай алсаңыз, онда бұл жақсырақ.

Егер сіз осы қорқынышты күнәны - ғайбат күнәсын жасап қойған болсаңыз, оны қалай өтеуге болады? Бірінші қадамыңыз – Аллаһтың алдында тәубе ету қажет. Тәубе төрт шартқа сай болуы керек. Біріншіден, ықыласпен, тек Аллаһтың разылығы үшін жасалған болуы керек. Екіншіден, сіз жасаған ісіңізге шынайы өкінуіңіз керек. Үшіншіден, ғайбат күнәсін жасауды дереу тоқтату керек. Төртіншіден, ол күнәға енді қайта оралмауға бел байлауыңыз керек.

Кейін сіз ғайбат айтқан адамның алдындағы айыбыңызды өтеуіңіз қажет. Бұны қалай жасауға болады? Егер ол сіздің ол туралы жаман нәрсе айтқаныңызды білсе, оған барыңыз және жасаған әрекетіңізге қаншалықты өкінетінін айтып, одан кешірім сұраңыз. Егер ол туралы айтқан сөздеріңіз оның құлағына жетпеген болса, онда олар туралы оған айтудың қажеті жоқ, өйткені ол бұл туралы білсе, қатты қайғыруы, таң қалуы немесе сізді жек көріп, кешіре алмауы мүмкін. Мұндай жағдайда оны түзеу үшін мынаны істеген абзал: біріншіден ол үшін дұға етіп, Аллаһтан оның күнәларының кешірілуін сұрау; екіншіден, сіз ол туралы жаман сөздер айтқан адамдардың алдында оның жақсы қасиеттерін айтып, оны мақтаңыз.

Бұл қорқынышты дерт – ғайбат айтуды жақсы көруден қалай емделуге болады?

Ғайбат деген жағымсыз дерттен құтылу үшін не істеу қажет? Тіліңіз бұрылып, ғайбат айтқысы келсе, мына алты нәрсені есте сақтаңыз:

1. Ғайбатпен айналысатын адам Аллаһ Тағаланың қаһарына, жек көруіне және жазасына ұшырайды. Жақын арада аузыңызға дымқыл топырақ толатынын және Аллаһ Тағаланың құлдарына зиянтигізгеніңіз үшін Ол сізді жазаға бұйыратынын жиі есіңізге алыңыз.

2. Біреуді ғайбаттасаңыз, істеген жақсылығыңыз сіз ғайбат еткен адамға өтеді, ал егер сіздің жақсылығыңыз болмаса, онда оның күнәсі сізге жүктеледі.

Бір күні Хасан әл-Басриге бір адамның ол жайлы ғайбат еткені айтылды. Мұны естіген Хасан әлгі адамға сыйлық жіберді. Сонда бұл кісі Хасанға келіп: «Мен сен жайлы ғайбат айтып жатырмын, ал сен маған сыйлық жіберіп жатырсың ба?», - деп сұрады. Сонда Хасан әл-Басри: «Сен маған өз жақсылықтарыңды бердің, мен саған алғыс білдіргім келді», - деп түсіндірген екен.

Тағы бір атақты имам Абдуллаһ ибн әл-Мубарак былай деген: «Егер мен біреу жайлы ғайбат айтсам, ата-анамды ғайбаттар едім, өйткені олар менің жақсы амалдарымды алуға көбірек құқылы».

3. Біреуді жамандағанша, өз жамандықтарыңызды ойлап, оларды түзеу дұрыс емес пе? Жамандыққа өзі толы адам қалайша басқаларды жамандасын? Бірде Ибн Масғуд ол туралы: «Егер Аллаһтың Елшісі сені көргенде, сені міндетті түрде жақсы көрер еді», - деп айтқан әр-Рабиғ ибн Хусаймге адамдар: «Сіз неліктен ешкім жайлы ғайбат сөздерін айтпайсыз?», - деген сұрақ қойғанда, ол: «Менің әлі өзіме көңілім толмай тұрып, басқаларды жамандауға қалай кірісемін?», - деп жауап берген екен.

4. Егер сіздің бойыңызда сіз ғайбаттап жатқан адамдағы болған кемшілік болмаса, Аллаһты мадақтап, Оған шүкір етіңіз, өзіңізді бәлкім сол адамда болған кемшіліктен де едәуір жаман болған ғайбат күнәсімен ластамаңыз. Имам Мәлик былай деген екен: «Мен бұл қалада (яғни, Мәдина қаласында) жамандығы жоқ адамдарды көрген болатынмын, алайда олар басқа адамдарды жамандап, олардың кемшіліктерін өздеріне алды. Мен кемістіктері бар басқа адамдарды да көрдім, алайда олар басқа адамдардың кемшіліктері жайлы үнсіз болды әрі олардың кемістіктері ұмытылды».

5. Бауырыңызды ғайбаттайтын болсаңыз, бұл амал ол өлген соң оның етін жегенмен бірдей екендігін еске алыңыз.

6. Ғайбат және ол неге апаратыны туралы айтылған аяттар мен хадистерді жиі еске алыңыз. Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға: *«Қандай адам банкрот (толмас шығынға ұшыраған) екенін білесіңдер ме?»*, - деп сұрақ қойды. Адамдар: *«Иә, бұл ақшасы да, мүлкі де жоқ болған адам»*, - деп жауап берді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Менің үмметімдегі нағыз банкрот адам – Қиямет күні намазбен, ораза және зекетпен келген, алайда оның бір адамды балағаттап, басқаны қаралағаны, үшіншінің мүлкіне қол сұққаны, біреудің қанын ағызып, басқаны ұрғандығы анықталған адам. Сонда ол оған да, басқасына да да жақсылықтарын бере бастайды, егер оның жақсы амалдары ол қарызын өтемей тұрып бітсе, онда ол ренжіткен адамдардың күнәлары алынып, оған тасталады, кейін ол Тозақ отына лақтырылады»*, - деп жауап берді.

Қорытындылай келе, сіздің қасыңызда діндегі бауырыңыз немесе әпкеңіз жайлы ғайбат айтылса, олардың намысын қорғау сіздің міндетіңіз екендігін ескерткім келеді. Есіңізде болсын, егер сіз ғайбат айтушыны мүміндердің етін жеуден тоқтатпасаңыз, басқа кезде ол да сіздің етіңізді шайнай бастайды және сол кезде сіздің де намысыңызды қорғайтын ешкім болмайды. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

مَنْ رَدَّ عَنْ عِرْضِ أَخِيهِ، رَدَّ اللَّهُ عَنْ وَجْهِهِ النَّارَ يَوْمَ الْقِيَامَةِ

**«Кімде-кім бауырының намысын қорғаса, Қиямет күні Аллаһ Тағала оның бетін
Тозақ отынан қорғайды»**

(хадисті әт-Тирмизи, 1931; Ахмад, 27583 жеткізген; әл-Әлбани оны сенімді деп атаған).

Егер сіздің жала жабушыны тоқтатуға деген батылдығыңыз жетпесе, онда оның әрекетін тым болмаса жүрегіңізбен айыптап, әңгімені дереу басқа тақырыпқа

бұрыңыз немесе оны қалдырып, кетіп қалыңыз. Өкінішке орай, көп адамдар керісінше: діндегі бауырына көз алдында жаман сөздер айтылса, оның ар-намысын қорғаудың орнына отқа май құйып, өзінен де ғайбат қосады. Иса ибн Мәриямның бірде өз сахабаларына: «Егер жел ұйықтап жатқан адамның ұят жерлерінің бөлігін ашса, сендер оның ұятты жерлерін жабасыңдар ма?», - деген сұрақпен жүгінгені хабарланады. Сахабалары: «Әрине!», - деп жауап берді. Иса: «Жоқ, сендер оның жабылған бөлігін де ашасыңдар», - деп наразы болды. Сахабалар: «Аллаһ Пәк! Біз мұны қалайша жасай аламыз?», - деп сұрады. Иса пайғамбар: «Сендердің алдарында адам жайлы айтылғанда, сендер ол жайлы ен жаман нәрселер жайлы айтапайсыңдар ма? Осылайша сендер оның ұятының жасырылған бөлігін де ашасыңдар!», - деді.

Қазақ тіліне аударған шейх Хайсам Сархан
басшылығындағы «Сунна» колледжі